



# Мұнайлы Өлке

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№06 (116), шілде, 2019 жыл

Диалог

## ПРИЗВАНИЕ БЫТЬ ЖУРНАЛИСТОМ

В честь Дня работников СМИ Республики Казахстан руководство акционерного общества «Мангистаумұнайгаз» по ставшей уже доброй традиции встретилось с представителями республиканских и региональных средств массовой информации. Во встрече принимали участие представители ведущих СМИ: собкор газеты «Егемен Қазақстан», корреспонденты и операторы телеканалов «Хабар», «Казахстан», «Астана», «КТК», «Хабар-24», областного телеканала «Мангистау ТВ», газеты «Лада», руководители газет «Мангистау», «Огни Мангистау», а также ветераны журналистики.

внимание и теплый прием. В частности член Союза журналистов Республики Казахстан, первый редактор газеты «Мұнайлы Өлке» Отеген Айтуар выразил большую благодарность нефтяникам за приглашение, а также рассказал об истории рождения и становления корпоративной газеты.



Главный редактор газеты «Огни Мангистау» Марина Калаганова, также поблагодарила руководителей компании за организацию встречи, за возможность пообщаться в непринужденной и теплой обстановке, выразила надежду на дальнейшее взаимовыгодное сотрудничество.

А корреспондент газеты «Лада» Гульмира Салдырова выразила свои пожелания в стихах:

*Мы в разных сферах с вами обитаем,  
Вы нефть качаете, мы новости качаем,  
Но делу общему мы служим год из года -  
Мы трудимся для нашего народа.  
Пусть будет труд народом оценен,  
Вас за внимание к нам благодарим,  
Компани желаем расцветать...  
И раз в году про нас не забывать!*



Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» Лю Цзиньчэн, поздравил собравшихся с профессиональным праздником, отметив при этом, что журналисты являются летописцами истории края и во многом благодаря работникам СМИ, мы помним о наших ветеранах, о тех, кто ковал славу Мангистау, узнаем и о новых героях, о передовиках производства, о людях труда.

Заместитель Генерального директора по административным и социальным вопросам Жетыбай Тулегожаев, также поздравил журналистов с праздником, и пригласил на предстоящие юбилейные торжества - 120-летие Казахстанской нефти и 40-летие

месторождение Каламкас, отметив, что работники пера будут желанными гостями на этих мероприятиях.

Лю Цзиньчэн и Жетыбай Тулегожаев наградили тружеников пера благодарственными письмами и вручили памятные подарки. Благодарственных писем от имени Правления АО «Мангистаумұнайгаз» удостоились и сотрудники отдела по связям с общественностью ДАСВ, отвечающие за выпуск корпоративной газеты «Мұнайлы Өлке». В этом году исполнилось 10 лет со дня выпуска первого номера газеты «Мұнайлы Өлке».

В свою очередь гости поблагодарили руководство компании за оказанное





# ҚОС МЕРЕКЕГЕ ДАЙЫНДЫҚ МЫҒЫМ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорының 40 жылдығын барлық сән-салтанатымен қарсы алуға қызу дайындалып жатыр. Мереке қарсаңында компания бас директорының әлеуметтік-әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Жетібай Төлегөжаевпен жүздесіп, сұхбаттасқан едік.

**- Жетібай Қуанайұлы, биыл тойланатын мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесі несімен ерекшеленеді, мұнайшылар мен қала тұрғындары не күтеді?**

- Ерекшелігі сол, биылғы мереке Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорының 40 жылдық мерейтойларымен тұспа-тұс келіп отыр. Қарашуғыл мұнай кен орнынан бастау алған республикалық мұнайгаз өнеркәсібінің ғасырдан астам ұзақ жолдық тарихы бар. Мұнайшылар мерейі асқақтаған төл мерекеге Маңғыстаудан бөлек, Атырау, Ақтөбе, Батыс-Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары жұмылдырылған. Республика көлемінде тойланатын мерекелік шара 29-тамызда Қызылорда қаласынан бастау алады. 30-тамыз күні Жаңаөзен қаласында, 31-де Ақтауда тойланып, 1-қыркүйек күні Атырау қаласында қорытындыланады деп күтілуде.

Енді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бойынша өтетін мерекелік шара туралы айтар болсам, 31-тамыз күні «Абай» атындағы мәдени-демалыс кешенінде салтанатты жиналыстан бастау алады. Салтанатты жиында Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорының 40 жылдық тарихи парақталып, өндіріс жетістіктері сараланбақ. Кен игерушілер еңбегі екшеліп, мұнайшы-ардагерлер мен еңбек озаттарына марапат-сыйлар ұсынылады. Мұнан соң, даңқты мұнайшы Сафи Өтебаевтың 110 жылдығына орай «Маңғыстаумұнайгаз» бас ғимараты алдындағы ескерткішке гүл шоқтары қойылып, Мұнай Абызы туралы жана кітаптың тұсауы кесіледі, митинг ұйымдастырылады. Келген қонақтарға қонақасы беріліп, сол күні кешкісін теңіз жағалауында қала тұрғындары үшін ауқымды гала-концерт қойылады. Амфитеатр сахнасында қазақ эстрадасының жұлдыздары Ақылбек Жемейі, Абай Бегей, Тамара Асар, Мадина Садвақасова, Айкын, Бейбіт Қушқалиев, Ерке Есмахан және басқа да әншілер өнер көрсетеді деп күтілуде. Той қызығын тамашалауға жиналған көрермен назарына мерекелік отпашу мен жастар би кеші де ұсынылады.

**- Жетібай Қуанайұлы, мерекелік шара тек бір күнмен шектелмейтін болар?**

- Әрине. Осыдан бір жыл бұрын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі мен компаниядағы құрылымдық бөлімше басшыларының басын қосқан жиналыс болып, осы мәселе көтерілді. Шараны өз дәрежесінде өткізу жоспарланды. Биылғы жыл басында мерекелік іс-шаралар жоспары бекітіліп, «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармасына, тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар берілді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі мен жас мамандар Кеңесінің атсалысуымен бірлесіп жасқалған бағдарламада - «Өлкетану» акциясы аясында тарихи-мәдени орындарға саяхат,

Қазақстан мұнайының тарихына орайластырылған брейн-ринг, «Қаламқас кештері» шығармашылық кеші, «Сәттілік формуласы» мен мереке аясында танымдық мақсатта Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерей тойына арналған жазба жас

еселегендер» атты арнаулы айдармен қаламқастық мұнайшылар: токарь Жолдасбай Шапағатов, лаборант Набат Қайнарбаева және операторлар Рысбай Өтепбергенов пен Мұхаметжан Нұрғазы туралы арнайы танымдық телехабарлар жасалып, ішкі коммуникациялық жүйелер арқылы мұнайшылар назарына ұсынылды. Облыстық телеарнадан Қаламқастың 40 жылдығына арналған арнаулы деректі фильм хабар жасау, кенорына пресс-тур - іс-шара жоспарында тұр.

Қос мерекеге орайластырылған шара - Халықаралық балаларды қорғау Күніне орай ұйымдастырылған «Әкем, анам және

зілтемірлермен қоса бірнеше сапалы ойын доптарын сыйлады. Сондай-ақ қаламқастық мұнайшы футбол командасы ауыл жастарымен жолдастық кездесу өткізді.

Келесі шара - қайырымдылық акциялары. Облыс халқы алдында компанияның әлеуметтік жауапкершілігі бар. Компания өлкеміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, қорғау шараларына белсенді атсалысып келеді. Сисем Ата, Қызылқала ескерткіштеріне сенбіліктер жалғаса береді. Биыл қосымша Қараман Ата жерасты мешітін қамқорлыққа алдық. Ескерткішке Бекі елді мекенінен грейдер жол, Аққар топтық қондырғысынан электр желісі тартылады. Түнеухана құрылысын бастаймыз. Сондай-ақ ел азаматтары бастамасымен Әбіш Кекілбаевтың туған ауылы Оңдыда салынып жатқан мешіт құрылысына 10 млн. теңге қаражат аударылды.

Компания ішілік шараға келетін болсам, Жеңіс мерекесіне орай Ұлы Отан соғысының ардагерлері - Камка Үмбеталина мен Қайыр Қыдырбаевқа қайырымдылық көмек жасалды. Жазғы демалыс кезеңіне орай «Алау» балаларды сауықтыру орталығына Қаракия, Маңғыстау, Мұнайлы аудандарының 130 аз қамтылған отбасы балаларына жолдама берілді. 15 шілде күні Арыс қаласындағы апаттық жағдайға байланысты 100 арыстық балдырған «Алау» лагерінде күтілуде.

Жалпы, біздің компанияда Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойы мен Қаламқас кенорының 40 жылдығына атап өту 26 тамыз кенорында басталады. Өндіріс басындағы мұнайшылар үшін 26 тамыз күні «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында, 28 тамыз Қаламқас кенорында да мерекеленеді.

**- Әр мерекенің артында жақсы іс қалу - дәстүр. Бұл жолы көптің игілігіне асар қандай жұмыстар жасалуда?**

- Бүгінгі таңда дайындық шаралары басталып кетті. Қаламқас кенорында ішкі жолдар, әлеуметтік нысандарды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. №66 ұңғы жанындағы алғаш мұнай ашушылар стелласы жаңартылып, №28 жатақхана, №2 асхана күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа берілді. «Еңбек данқы» мұражайына жөндеу жүргізіліп, кенорындағы өндіріс нысандарының сырты жаңартылуда. Алда - №3 асхананың күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Асханалардың жиһаздары, тұрмыстық техникалары толықтай жаңартылды. Асар кенорында 50 орындық жаңа жатақханың құрылысы басталды.

**- Мереке қарсаңында оқырмандарға айтар тілегіңіз?**

- Өндірісті өлкеміздің тарихи мерекесін жұдырықтай жұмылып, ұйымшылдығымызды танытып, ойлағандай өткізейік, әріптестер! Елдің басын біріктіріп, өскелең ұрпақты отан-сүйіштікке тәрбиелейтін осындай мерекелер көбейе берсін, еңбек етейік! Еліміз аман болсын! Еліміздің ырыс-несібесі молайып, қазанасы арта берсін!

**- Сұхбатыңызға рахмет, мерекелі күні көппен бірге асыға күтетін боламыз!**



ақындардың облыстық ашық жыр мұшайрасы, спорттық шаралар, Қаламқас кенорына «Пресс-тур», «Донор-2019» акциясы, Қаламқас пен Асар кенорындағы сенбілік ұйымдастыру, «Қартқа құрмет - жасқа міндет» қайырымдылық акциясы, «Мұнай тарихы - жас суретшінің көзімен» атты мұнайлы балаларының сурет конкурсы, Маңғыстау мұнайшыларының «Өз өлкеңді таным» экспедициясы, 120 түп желек отырғызу, «Start Up» жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған ашық есік күнін өткізу секілді түрлі шаралар бар.

Жыл басталғалы мерекені ақпараттық қолдау мақсатында «Мұнайлы өлке» газетінде «Қаламқас» әйелдер клубы ашылды, «виртуалды музей» өз жұмысын бастап кетті. Әр нөмірде Қаламқас кенорының ашылуына үлес қосқан ардагер мұнайшылар Әділ Нұрманов, Кенжетали Назаралиев, тұңғыш басшы Бекболат Ізтұрғанұлы, алғашқы жастар бригадасының жетекшісі Оспан Есенғенов туралы тарихи шежірелік материалдар жарық көрсетсе, «Еңбегімен ел ырысын

мен» жаңаулық спорттық сайысы. Оған Қаламқас, Жетібай кенорындарымен қатар орталық аппараттан және Компания қамқорлығындағы Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінен алты команда қатысып, сайыста бақтарын сынады. Сайыста Қаламқастың намысын қорғаған Қосбаевтар отбасы бас жүлдені жеңіп алды. Екінші орын Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінен қатысқан Сақашовтар отбасына бұйырса, үшінші орында Қаламқас кенорының екінші команда - Бисеновтар жаңуысы еншіледі. Сайысқа қатысып, белсенділік танытқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасынан келген Тастеміровтер мен Жапарбаевтар, орталық аппараттан Илмуханбетовтер отбасыларына алғысымыз шексіз.

Аталмыш мерекеге орай біздің мұнайшыларымыз тұратын Маңғыстау ауданына қарасты Қызыл елді мекеніндегі спорт орталығына бір миллион жарымның спорттық құрал жабдықтарын тарту етті. Спорт мектебіндегі екі топқа футбол, бір топқа волейбол ойыншысының киімдерін, түрлі тренажерлар,



# «АЛАУ» РАСШИРЯЕТ ГОРИЗОНТЫ

*100 детей из Арыси отдохнут в летнем оздоровительном лагере «Алау»*

Вот уже более 30 лет лагерь, расположенный на берегу Каспийского моря является основным местом отдыха детей работников акционерного общества «Мангистаумунайгаз». А этим летом помимо детей нефтяников, оздоровительный центр примет еще и 100 ребят из города Арысь, который серьезно пострадал от взрывов снарядов в воинской части.

- Чрезвычайное происшествие, которое случилось в Арыси – это, конечно же, тяжелая драма для всех нас – говорит заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по административным и социальным вопросам Жетыбай Тулегояев. - В такие сложные для страны моменты мы должны объединиться и помогать друг другу. Жители степного края всегда были готовы протянуть руку помощи, их не останавливали ни расстояния, ни другие обстоятельства. Мы с большим удовольствием примем детей из Арыси и сделаем все возможное, чтобы они получили яркие впечатления от каникул на побережье Каспийского моря.

Уже 16 июля лагерь «Алау» распахнет свои двери для 100 детей из Арыси. В течение двух недель мальчишек и девочек ожидают всевозможные экскурсии в музеи и аттракционы, спортивные игры и познавательные конкурсы, здоровое питание и незаменимый чистейший воздух, знакомство с новыми друзьями и ласковые волны Каспийского моря.

Стоит отметить, что чуть ранее «Мангистаумунайгаз» приобрел 130 путевок в лагерь «Алау» детям из малообеспеченных семей из Каракиянского, Мангистауского и Мунайлинского районов.

Тем временем, в самом лагере «Алау» летний сезон набирает обороты: 1 июля оздоровительный центр принял второй поток отдыхающих детей. В каждую смену здесь отдыхают 260 ребят. И из года в год по незабываемой традиции каждый новый поток отдыхающих мальчишек и девочек принимает участие в торжественной церемонии открытия летнего сезона.



Накануне в «Алау» состоялась уже вторая в этом году церемония открытия сезона, в ходе которой вожакие разыгрывали театральные сценки из мультфильмов, исполняли музыкальные номера и песни, проводили спортивные и тематические конкурсы, а сами дети, несмотря на то приехали в лагерь всего несколько дней назад, уже исполняли зажигательные речевки и девизы отрядов.

Совсем скоро с этой невероятно красочной и душевной традицией предстоит познакомиться детям из Арыси.

И можно не сомневаться всех без исключения ребят будет ждать много смеха, веселья и улыбок - эти каникулы точно будут незабываемыми!

Ертилек Гали







Қайырымдылық

# ЖЕТІМ - ЖЫЛАМАСА, ЖЕСІР – МҰҢАЙМАСА ИГІ...

Қайырымдылық, мейірімділік, қамқорлық — қай кезде де ауайды қажет қасиеттер. Зайырлы қоғам өкілдері де, дін де бейбіт өмір мен бақуатты тірліктің де, бақытты өмірдің де сыры міне сонда дейді. Десек те, бүгінгідей жаһанданған заманда осы бір қарапайым адами қасиеттердің орны кейде ойсырап көрініп тұрады. Адам өзгерді ме, заман азды ма, әйтеуір, тарылған пейілдер мен қарайған ниеттер көрінісі жүйледі. Ал қазақ халқы үшін бұл тіптен жат болмыс! Өйткені жетімні жылатау, жесірін қаңғытпау, бірінің бірі жыртығына жамау болып, көңіліне демеу бола білу қазақтың сүйекке біткен, қанға сіңген УСТАНЫМЫ, ДАЛА ЗАҢЫ, АТА ЖОЛЫ еді.

Біреу білсе, біреу білмес, осыдан бір жарым жылдай уақыт бұрын жанышор азаматтардың қалауыменен дербес қор құрып, бастауы өзіміздің Компаниядан болған соң газетімізбен үндес болсын деп, атауын «Мұнайлы өлке» деп қойғанбыз. Тамшы тас төседі демекші, мейірабан жандардың айына бір рет аударатын 1000 теңгелік садақа-жарнасынан жиналатын қаражаттың есебінен осы уақыт ішінде 37 адамға 4 млн. жуық теңгенің көмегі көрсетілді. Керемет емес пе?! Жұмыла жүріп қанша адамның жүгін жеңілдеттік? Олардың арасында әріптестеріміз де жетім артылады. Ендігі мақсат – садақа-жарна салушы азаматтардың қатарын арттырып, көрсетер көмегіміздің көлемін ұлғайту. Салымшы саны артса, ауқымды шараларды атқарар едік...

Маусым-шілде айларында тағы да екі отбасының тауқыметіне ортақтастық. Бірі – әріптесіміз Гүлнәм Қошпбекова есімді азамат ерекше күтімді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған ана. Перзентінің еміне қажетті қаражатты жеткізе алмай жатырмын деп көмек сұраған өтініші

қанағаттандырып, 200 000 теңге көлемінде қаржылай демеу көрсеттік.

Екіншісі - 3 бала тәрбиелеп отырған жесір ана Дина Утарбаева апамыз. Балаларының үлкені Бакбергелен туабытты жүрек ауруына шалдыққан. Арнайы күтімді қажет етеді. Жолдасы 2012 жылы бақилық



болған. Меншіктерінде баспаналары жоқ, бүгінде Батыр ауылында 1 бөлмелі жалдамалы үйде күнелтуде. Анамыздың Батыр ауылының көшелерінің бірінен салынып жатқан үйі бар екен. Дәл қазір Ар-Раһман мешіті жамағатының көмегімен қабырғалары көтеріліп, төбесін жабатын тұсқа келіпті. Бізге хабарласқандағы өтініші де осы болды. Першіте балаларының несібесі болар, соңғы екі айдың жарнасы жұмсаусыз тұрған болатын. Өтінішін қабыл алып, шығындарды есептеп, 448000 теңгеге шатыр құрастыруға қажетті барлық құрылыс бұйымдарын алып бердік.

Міне, әріптес! Сіз садақаға берген 1000 теңге осынша игі шаруаны тындырып,

зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу болуға жетіп тұр. Осы мырзалығыңыз үшін Қор қызметінен жақсылық көрген барша жанның алғысы қабыл болып, жаныңыз, жан-жағыңыз екі дүниеде де жамандық көрмесін деп тілейміз!

Ал Қорға салымшы болып үлгермеген басқа әріптестерімізді қатарымызға қосылуға, жақсылыққа асығуға шақырамыз. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай десе: «Садақа мал-дүниені ешқашан кемітпейді. Пенде қолын садақа беру үшін сөзінде ол садақа сұраушының қолына жетпестен бұрын Аллаға берілгендей болады» (Табарани, Кәбир, IX, 109 б.). Келесі бір хадисте: «Әр күні таңертең екі періште түседі. Бірі: «Ей, Раббым! Садақа бергенге садақасын қайтарым ретінде жаңасын нәсіп ет», - десе, екіншісі: «Ей, Раббым! Сараңдық еткенге мал-дүниесін оңат ет», - деп дұға етеді», - дейді. (Бухари, Зәкат 27; Муслим, Зәкат 57). Ендеше мұқтажға садақа берумен сауапқа келумен қатар мүлкіңізден ештеңе кемімейтінін, керісінше Алла Сіздің мүлкіңізге береке беретінін естен шығармаңыз.

Садақа беруші ретінде тіркелемін десеңіз 87077034444 / 212-194 телефон нөмірлері бойынша немесе бұрынғы «ҚазНИПИ» ғимараты 241 кеңсеге хабарлассаңыз болады.



Без галстукоев

## ВРЕМЯ МОЛОДЫХ

29 июня текущего года в городе Нур-Султан прошёл традиционный слёт молодежи АО НК «КазМұнайГаз». Более 150 молодых специалистов из разных регионов страны, в том числе и восемь работников АО «Мангистаумұнайгаз», встретились в столице Казахстана, чтобы обменяться опытом и обсудить перспективы развития молодежного движения.



Молодежный форум проходил в неформальной обстановке и носил название «НЕконференция». Подобный формат выбран не случайно: встреча была призвана способствовать укреплению горизонтальных связей, обмену знаниями и опытом между представителями молодежи корпоративного центра и дочерних компаний. «НЕконференция» предоставила активистам молодежного движения возможность «разорвать шаблон», в неформальной обстановке разобраться в важных для молодых людей вопросах – как стать успешным, расти как личность, развиваться как профессионал, и, что особенно важно как внести свой вклад в улучшение компании.

Спикерами и бизнес-тренерами выступили известные молодые казахстанцы, ставшие гордостью страны и примером для подражания. Выступления ровесников, добившихся значительных успехов в

крупных международных корпорациях – Азата Мурзабаева (Университет им. Сүлеймана Демиреля, работал в Twitter, США), Алибека Датбаева (Team Lead в компании Booking.com, Нидерланды) и многих других вызвали бурный интерес участников НЕконференции.

- Но больше всего меня впечатлила встреча с выдающимся казахстанским супермарафонцем Маратом Жыланбаевым, - говорит участник слета, оператор ПУ «Жетыбаймұнайгаз» Тимур Галиев. - Он первый и единственный атлет в истории



человечества, в одиночку пробежавший совокупное расстояние свыше 160 тысяч километров в крупнейших пустынях Азии,

Африки, Австралии и Америки. Мы с замيرانием сердца слушали его рассказы о силе воли и упорстве. Такие встречи запоминаются на всю жизнь, вдохновляют к покорению вершин, которые кажутся недостижимыми.

По словам Тимура Галиева, не менее интересными были выступления заместителя председателя Правления КМГ по производству Жакыпа Марабаева и управляющего директора по развитию человеческих ресурсов Даулетжана Хасанова, которые в непринужденной обстановке, рассказали о корпоративных ценностях компании, молодежной политике, социальных проектах.

В рамках НЕконференции прошли тренинги по финансовой грамотности, правилам поведения в социальных сетях и коммуникациям, состоялось обсуждение собственных success-story участников форума.

Пользуясь случаем молодые специалисты выражают большую благодарность руководству АО «Мангистаумұнайгаз» за предоставленную возможность участия в форуме и заверяют, что полученные знания и энергию направят на развитие родной компании.





# ҚАЗЫНАЛЫ БОЗАШЫДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ



кәсіпшіліктерінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың барлығын қамтып отыр.

Тек биылғы жылдың өзінде «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі инфрақұрылым құрылысы процесінің толық технологиялық циклын орындай отырып, бұрғыланған 100 ұңғыманы жайластыру, 10 газ өндіру ұңғымасын жайластыру, МБДЦ сыртқы электрмен қамту жүйесін қайта құрылмалау, № 2, 3 асханаларды қайта құрылмалау, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде күрделі жөндеу және бұрғылау қондырғыларына арналған алаңдарға құм тоғу сияқты күрделі құрылыс мен күрделі жөндеу нысандарын салып, пайдалануға берді.

Компанияның жетістіктері - қызмет жетекшісі және әр қызметкердің күш-жігері мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Компания білікті мамандарымен қуатты. Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметі - ұйымшылық, жеделқабылдық жағдайда өндірістік, технологиялық және орындаушылық тәртібі нығайған, өндіріс мәдениеті, моральдық-психологиялық ахуалы, еңбек өнімділігі жоғары деңгейдегі ұжым. Қызмет жетекшісі Еркін Бисембаев құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарын орындау жолында өндірісті, өндірістік үдерістерді және жеке келеген жұмыстарды қауіпсіздік стандарттары, ережелері мен нормаларының талаптарына сай ұйымдастырудың үлесінен шығып жүрген қызметкер.

Орталық диспетчерлік топ диспетчері Амандық Тінов, тік болат сүйікқойма, металл құбыр жабықтарының монтаждаушылар Дмитрий Тихомолов, Берік Мұханбетқалиев, Нұралы Сисенов, Нұржолға Тілепов, Сүйінші Асқанбаев, Сахи Дуғинов, Айса Ізханов, Орынбасар Есенов, Мейірман Ергалиев, Қайрат Сәрсенов, Оразалы Чирақбаев, Ерлан Шектибаев, шыныпластикалық құбыр монтаждаушы Беркін Көбеков, Қуандық Тілеуов, Мұхтарбек Сисенов, Мақсат Байжігітов, Мұрат Атжабаев, Петр Папуков, Оралбай Төреатаев жинаған тәжірибелерінің арқасында диаметрлері үлкен ф 500-40, ф 300-40, ф 217-46 құбырлары сыяқтан өткізіп, уақытында іске қосты.

Жоба жетекшісі Мұналыбай Нұрбосынның қол астында жол құрылысымен

айналысатын шеберлер Қалдыбек Ізтілеу, Әбілхайыр Мәтжанов, жол жұмысшылары Арғын Жәнібеков, Наурызбай Юсупов, Өмірбек Айжігітов, Руслан Ізтілеуов, Сәрсенбай Садақбаев, Ысмайыл Бітімбаев, Жалғасбай Сейтжанов қажырлы еңбегі нәтижесінде күрделі құрылыс нысандарына 162832 шаршы метр құм, күрделі жөндеу нысандарына 183662 текше метр құм тасымалданды, жалпы көлемі 1398 текше метр асфальт жол салынды, ал былтыр 7000 текше метр жол салынған болатын.

Биылғы наурыз айында № 8237 ұңғыма ауданында су-газ қоспасының арқылауы (грифон) салдарынан шыққан өрт кезінде қауіпті аймақта біздің жұмыскерлер Бердібек Балғожаев, Нығметулла Жиенбаевтар нар тәуекелге барып, кәсіби әдіс-тәсілдерді шебер қолдана отырып, түнгі ауысымда табандылықпен жұмыс істеді.

Жұмыс ұйымдастырушы Роман Бердібек мол тәжірибесі, кәсіби біліктілігімен күрделі жөндеу және күрделі құрылыс нысандар құрылысына қатысты мәселелерді шешуге аталысын, қандаша өндіріс алаңының қызу ортасынан табылып келеді.

Жаздың ыстық аптабында, қыстың қытымыр аязында неісебесін еңбектен тапқан, игіліктерді өз қолымен жасайтын еңбек адамдары электрғазбен пісірушілер Сәрсенбай Орынбаев, Жарылған Төлеуов, Хасан Рахметов, Бағланбек Нұрниязов, оқшаулаушылар Италмаз Сағындықов, Өмірхан Юсупов, Мұхамбет Қаржаубаев, Руслан Гудуев, Мерек Жұмажанов, Мирбек Мереев, құрылыс құрылмаларын монтаждаушылар Жанәбіл Жолдасов, Жұмажан Кенжебаев, Бекбосын Танауов, Тұтқабай Жаңбыршин құрметке лайық.

Кәсіпорының алға қойған мақсаттарына сай техникалық жұмысшы кәсіптерімен айналысатын жұмыскерлердің біліктілігін арттыру мақсатында электрғазбен пісірушілер «International Safety Standard» ЖШС курстарында білімдерін шыңдайды. Қауіпсіздік техникасын сақтауды және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ең жаңа техника мен жарнақтар сатып алынған. Жұмыскерлер қазір Lincoln



Electric «Vantage-500» пісіру агрегаттарында, ESAB «Warrior-500» пісіру аппараттарында жұмыс істейді, бұл жұмыстарды әлемдік стандарттарға сәйкес орындауға мүмкіндік берді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдар арасында жыл сайын өткізілетін «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының нәтижесі бойынша 2015 жылы төселбеген марапатталған Нұрлан Нұрмағанбетовтен кейін өз ісінің қас шебері, біліктілік додасында жеңіс тұғырына көтерілген 5-дәрежелі электрғазбен пісіруші Ғалымбек Құлшанаев та Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің жұмыскері.

Жыл сайын ұлттық мерекелер мен айтулы күндерге орай добы мен шахмат, тоғыз құмазақ, үстел теннисі, армрестлинг, волейбол, баскетбол мен кіші футболдан өтетін спартакиадаларға белсенді қатысатын спортшылар да осы кен орында еңбек етеді.

Компанияның 2018 жылы «Қауіпсіздік техникасын сақтаудағы үздік кәсіпорны» сертификаттымен марапатталуына 365 күн ішінде бірде-бір рет еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзбаған қаламқастықтардың үлесі зор.

Қазақстан мұнай-газ саласында инфрақұрылым құрылысымен айналысатын, ерлік еңбегімен елге танылған компанияның межелі деңгейден түспей, жұмылған жұдырықтай ынтымақтастық, түсіністік пен іскери серіктестік жағдайында тұрақты өсу мен қарқынды даму жолындағы өлшеусіз қызметі табысты бола берсін деген сенім мол.

Аймап Ебосын «Oil Construction Company» ЖШС

## «Үздік маман – 2019»

# КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ШЫҢДАЛДЫ



«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-нің Маңғыстау техникалық көлік басқармасы (бұдан әрі – МТКБ) аумағында автокөлік жүргізушілері арасында «Үздік маман-2019» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Дәстүрлі кәсіби шеберлік конкурсының жұмысшылардың шеберлігін шыңдауға көмектесетіні белгілі. Жұмыстың қыр-сырын менгеру және тәжірибелерімен бөлісе отырып, жұмысшылар өндірістің тиімділігін арттыруға, біліктілікті жетілдіруге, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға және бар күш-жігерін жұмсауға ықпал етеді.

Арнайы көлік тізгінін ұстаған мамандар жайлы қысқаша мәлімет айта кететін болсақ, көлік жүргізуші маманы күрделі көліктің – заманауи автобусының құрылымын және аспаптарын өте жақсы деңгейде білуі қажет. Сонымен қатар, қауіпсіз көлік жүргізу техникасын, физика, механика, өмір қауіпсіздігінің негіздерін білуі шарт. Арнайы көлікті тізгіндеген мамандарға жүктелген жауапкершілік жүгі зор. Сақтықты сұңқардай ішпенен көлік жүргізушілері жолаушылардың өмірін бірінші орынға қояды. Сондықтан арнайы көлік жүргізу екінің бірін қолынан келе беретін ол-онай іс емес.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» Серіктестігінің бас директоры Серік Жеткергенұлы Кеулімбаев осындай кәсіби

Жыл сайын жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі сайысқа мекеме ішінен 8 қызметкер қатысып, сайыстың бағдарламасымен танысты. Бұл жолы сайыс екі кезеңнен құралды. Бірінші кезең теориялық тесттен тұрса, екінші кезең тәжірибелік сайыспен аяқталды. Сайыстың бағдарламасы бойынша қатысушылар медициналық тексерістен өтіп, сайыс ұйымдастырылып отырған аумақтағы тұлғаларға еңбекті қорғау, қауіпсіздік



шеберлік конкурсында қызметкерлер тек жеңіске жетіп қана қоймай, көлік саласындағы шеберлікті жетілдіруге, шындай түсуге, қызығушылықты күшейтуге көмектесетін сайыс болып табылатындығын айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осындай салтанатты шараның маңыздылығын «ОТК» ЖШС «Қызметкерлердің жершілікті қасподағы» ҚБ төрағасы Марат Бурбайұлы Темірқасов өз сөзінде айтып өтті. «Бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келе жатырған байқау қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігін арттырып, белсенділігін күшейтеді» - делі ол.

техникасы, жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқама жүргізілгеннен кейін қатысушылар теориялық тесті тапсыру кезеңіне кірісіп кетті. Жеребе тастау әдісімен практикалық тәжірибе өтушілердің кезектері белгілі болды. Комиссия мүшелері ережелердің сақталуын мен талаптарын орындауын мұқият қадағалап отырды. Бұл кезең қызықты да тартысты өтті. Қатысушылар не бір қиын бөгеттерден өту үшін өрі белгіленген уақытта аяқтау үшін біраз тер төтті.

Конкурстық комиссия мүшелері тәжірибелік тапсырмаларды орындау сапасы



мен теориялық дайындығын бағалап, үздік көлік жүргізушісін анықтады. Байқау нәтижесінде: тәжірибелі әріптестерінен озып шыққан МТКБ №2 автобзбек жүргізушісі Ислам Құлшанаев бас жүлдеге ие болды. II орынға МТКБ №2 автобзбек Айдын Тайлақов көл жеткізсе, жүлделі III орынға МТКБ №2 автобзбек жүргізушісі Дастан Қабиев ие болды.

Байқау жеңімпазы Татарстан Республикасы Альметьевск қаласында өтетін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Үздік маман - 2019» кәсіптік байқауының финалдық кезеңіне қатысады.

Барша қатысушылар үлкен ынтымақпен көрсетіп, жауапкершілікті ақтап шықты. Байқау жеңімпаздарын жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС әкімшілігі

**Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Замана Заңғары  
Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына  
арналған жазба жас ақындардың облыстық ашық жыр мүшәйрасының**

## ЕРЕЖЕСІ



### 1. Жалпы ережесі

«Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақ мұнайының 120 жылдығы және «Қаламқас» кенорының 40 жылдығын мерекелеу аясында 2019 жылдың 10 шілде мен 30 тамыз аралығында Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерей тойына арналған жазба жас ақындардың облыстық ашық жыр мүшәйрасын өткізеді.

### 2. Мүшәйраның мақсаты

Қазақ мұнайының 120 жылдығын және «Қаламқас» кенорының 40 жылдығын мерекелеу аясында жастар арасында Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев шығармашылығының қазақ қоғамы мен әдебиеті үшін маңызын ашу;

- көркемдік ерекшелігін, бай сөз қорын насихаттау арқылы жас ақындардың шеберлігін шыңдап, өлеңге деген ынтасын ояту;
- жазушының рухани мұрасына деген қызығушылық тудыру;
- ел арасындағы таланттарды танып, олардың шығармашылық ізденісін ұлғайту;
- Ә.Кекілбаев шығармашылығы арқылы жастарды Тәуелсіз Қазақстанның тарихын білуге, патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға баулу;

### 3. Мүшәйраның тақырыптары

- Әбіш Кекілбаевқа арнау (1 өлең);
- «Үйіңдағы арудың оянуы» - Манғыстау мұнайы туралы (1 өлең);
- Еркін тақырып (1 өлең).

### 4. Мүшәйраны ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі.

- 15 шілде -10 қыркүйек аралығында «Манғыстау-мұнайгаз» АҚ әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментіне қарасты жұртшылықпен байланыс бөлімі шығармаларды қабылдау жұмыстарын жүргізеді.
- 15 қыркүйекке дейін - іріктеу кезеңі, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі - Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерейтойы аясында Оңды ауылында (уақыты қосымша хабарланады).

### 5. Мүшәйраның шарттары

- Мүшәйраға Манғыстау облысының 16-35 жас аралығындағы ақындары қатыса алады.

- Байқауға қатысушылар Кеменгер, Замана Заңғары Әбіш Кекілбаевқа арналған, сондай-ақ ел экономикасының тірегіне айналған мұнай-газ саласын арқау еткен өлеңдерді және өзі қалаған тақырыптағы поэзиялық шығармаларын тапсыра алады.

- Байқауға келіп түскен өлеңдер алдын ала қазылар алқасының талқылауынан өтіп, іріктеледі.

- Сұрыптанудан өткен өлеңдер ғана ақындар мүшәйрасының қорытынды кешіне шақырту алып, марапаттау салтанатына қатыса алады.

- Марапаттау кешінде жүлделі үш орынға және ынталандыру орындарына ие болған өлең авторларының ғана өз шығармаларын мәнерлеп жатқа оқуға мүмкіндігі болады.

### 6. Мүшәйраның талаптары:

- Мүшәйраға қатысушы талакер берілген тақырыптарға сай бұрын ешбір жерде жарияланбаған, бұған дейін ешбір байқауға қатыспаған авторлық өлеңдерін ұсынады.

- Авторлар өлеңдерінің бір данасын электронды түрде CD-дискіге немесе флешкаға жазды. Екінші данасын А4 форматтағы параққа жазып, электронды нұсқамен бірге №1 үлкен конвертке салады. (ширифт 12 кегілде, жоларасы 1,5 интервал, Times New Roman қаріп) Өлеңнің екі данасына да автордың бүркеншік аты жазылады.

- Әр өлең көлемі 3 беттен аспауы тиіс.

- Автор өзі туралы толық мәліметті, байланыс нөмірлерін, мүшәйраға қатысу туралы сұранысты төмендегі үлгі бойынша толтырып, 10х15 көлеміндегі сапалы суретімен қосып, №2 кішкентай конвертпен жолдайды.

- Мүшәйраға қатысу үшін жолданған құжаттар кері қайтарылмайды және ұйымдастыру алқасының авторлардың өлеңдерін БАҚ беттерінде, жинаққа жариялауға құқы бар.

- Өлеңдер мен өтініштер 2019 жылдың қыркүйек айының 10-на дейін «Манғыстаумұнайгаз» АҚ әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментіне қарасты жұртшылықпен байланыс бөлімінде қабылданады.

- Қатысушылар өлеңдерін мына мекенжайға жіберуі керек: Ақтау қаласы, индекс 130000, 6 шағынаудан, №1-үй «Манғыстаумұнайгаз» АҚ кенесі. Байланыс телефондары: 8 (7292) 212194, 87077034444.

### 7. Ұйымдастыру комитеті

- Ұйымдастыру комитеті дайындау және өткізу бойынша басшылықты жүзеге асырады, жүлделі орындардың саны мен ақшалай сыйақының мөлшерін анықтайды.

- Ұйымдастыру комитеті іс -шараның ақпараттық жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

- Ұйымдастыру комитеті дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

- Барлық тіркелген шығармаларды ұйымдастыру комитеті байқаудың сарапшыларына алдын -ала қарауға береді (қазылар алқасы).

- Ұйымдастыру комитеті мүшәйраға қатысқан шығармаларды жариялауға немесе жинақ кып шығаруға құқылы.

### 8. Мүшәйраның қазылар алқасы

- Қазылар алқасының құрамы әдебиетпен мәдениеттің және қоғам қайраткерлерінен құралады.

- Қазылар алқасы мүшелері өз көзқарасын 10 балдық көрсеткіш бойынша бағалайды.

- Қазылар алқасының шешімі түпкілікті, хаттамамен рәсімделеді және қайта қарауға жатпайды.

- Мүшәйраның жеңімпаздарын марапаттау кезінде сыйлықтарды (Бас жүлдеден басқасын) бөліп беруге немесе арнайы сыйлықтар тағайындауға құқылы.

### 9. Жеңімпаздарды марапаттау:

- Мүшәйраның жеңімпаздары I, II, III дәрежелі Дипломдармен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

- Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Манғыстау ауданы Оңды ауылы «Ай-ана» ескерткіші жанындағы алаңда Ә.Кекілбаевтың 80 жылдық мерей тойын атап өтуге арналған мерекелік шара кезінде өтеді.

- Мүшәйраның жеңімпаздары туралы хабарлама «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы сайтында [www.mng.kz](http://www.mng.kz) және БАҚ-да жарияланады.

- Мүшәйраның қорытындысы бойынша мульти-медиялық жинақ басып шығарылады.

- Мүшәйра жеңімпаздары қосымша жарияланып шақырылады. Мүшәйра жеңімпаздарының барлық шығыны өз есебінен жабылады.

### №2 конвертке салынатын сұраныс үлгісі

р/с	Сипаты	Мәлімет
1	Автордың толық аты-жөні	
2	Автордың бүркеншік аты	
3	Туған жылы, айы, күні	
4	Оқитын немесе жұмыс жасайтын мекемесі	
5	Мекенжайы	
6	Байланыс нөмірі	



## «МЕН - МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ҰЛАНЫ!» атты балалар суреті байқауының Ережесі

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- «Мен – мұнайлы өлке ұланы» атты балалар суреті байқауы Қазақ мұнайының 120 жылдығына, Қаламқас кеноры ашылуының 40 жылдығына орай өткізіледі;

- Көрмені ұйымдастырушысы – «Манғыстау-мұнайгаз» АҚ

- Байқауға Қоғам қызметкерлерінің 16 жасқа дейінгі балаларының қолымен салынған жеке жұмыстар қабылданады;

- Жұмыстар төменде көрсетілген мекен-жай бойынша Қоғамның орталық кенесінде қабылданады: Ақтау қаласы 6 шағын аудан 2 ғимарат («КазНИПИ» АҚ ғимараты) № 241 кенесі;

- Әр қатысушы 1 суретке дейін тапсыра алады;
- Байқауға қатысқан суреттер көрмесі «Манғыстаумұнайгаз» АҚ ғимаратында өтеді.

### 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

- Көрмені ұйымдастыру барысында төмендегідей мақсаттар көзделеді:

- Балаларды көркем шығармашылықпен айналысуға баулу, өнерге қызығушылығын арттыру;

- Балалардың шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік туғызу;

- Балалардың белсенділігін арттыру, өнерін шыңдау;
- Балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру;



- Маң даланы қуатты өлкеге айналдырған мұнайшылар ерлігін санаға сіңіру;
- Мұнайшылар ұрпағы сабақтастығын жалғау;
- Жұмысшы мамандығын насихаттау.

### 3. ТАЛАПТАР

- Суреттер алдыңғы оң жақ төменгі бұрышында қатысушының аты-жөні, жасы, тұрғылықты жері және сурет атауы көрсетілуі керек;

- Суреттер балалардың өз күшімен, ата-ананың немесе ұстаздардың көмегісіз, өз ойымен байқау

мазмұнына сәйкес төменде көрсетілген талаптарды сақтай отырып салынуы қажет:

- сурет көлемі 30 см х 42 см-ден аспайтын қағаз бетіне немесе кенепке салынады;
- көрмеге кез келген әдіспен салынған суреттер қабылданады (акварель, майлы бояу, пастель, сия, көмір т.б.);

- жиектемеге салынған, сондай-ақ тауар белгілері немесе зияткерлік туралы заңмен қорғалатын бейнелер белгіленген суреттер қабылданбайды.

### 4. КӨРМЕНІ ӨТУ ТӘРТІБІ

- Байқау төмендегідей тәртіппен өтеді:
- Суреттерді қабылдау 2019 жылғы тамыз айының 14-жұлдызына дейін жүзеге асырылады;

- Байқау қорытындысында жинақталған суреттер көрмесі 2019 жылғы тамыз айының 18 жұлдызынан бастап Қоғамның фойесінде өткізіледі;

- Суреттер көрмесінің соңғы күні суреттер Қоғам басшылығы мен қызметкерлерінің назарына ұсынылып, аукцион арқылы сатылымға түседі. Сатылымнан түскен қаражат сурет авторына табысталады болады. Салтанатты кездесу күні қосымша ақпарат ретінде хабарланады;

### 5. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР АЛҚАСЫ

- Барлық сұрақтар бойынша Қоғам жұртшылықпен байланыс бөліміне 212-194, 215-266 телефон номерлеріне хабарласуыңызға болады.



**Мұнайлы Олке**  
Меншік иесі:  
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов  
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық,  
Р.Анетова  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., №1 үй,  
тел:  
212-424, 212-461  
212-462, 212-492  
Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күшіміз берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индекс: 64265

«АТIS» ЖШС  
баспаханасында  
басылды.  
Ақтау қаласы,  
17 ш.а.  
тел: 525500